

## **Шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына жұмсалған шығындардың құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-1/167 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 мамырда № 11176 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 31 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.01.2020 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 35-бабы 5-тармағына және "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағы 41) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына арналған шығындардың құнын субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл шаруашылығы министрінің  
міндетін атқарушы

С. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

\_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 24 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Е. Досаев

2015 жылғы 23 сәуір

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 27 ақпандағы  
№ 4-1/167 бұйрығымен  
бекітілген

## **Шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына жұмсалған шығындардың құнын субсидиялау қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына жұмсалған шығындардың құнын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес әзірленді және Оңтүстік Қазақстан облысының бюджетінде тиісті қаржы жылына көзделген қаражат есебінен және шегінде шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына жұмсалған шығындардың құнын субсидиялау (бұдан әрі - субсидиялар) тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган – балық шаруашылығын дамытуды қоспағанда, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға

олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру үшін, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

3) мақта иесі – меншік құқығында шитті мақта және (немесе) мақта талшығы және (немесе) мақта тұқымы бар жеке немесе заңды тұлға;

4) мақта талшығы сапасына сараптама жасау бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізуші – Қазақстан Республикасының Үкіметімен айқындаған сараптамалық ұйым;

5) мақта талшығының сапасына сараптама жасау – сынаманы іріктеп алумен сынақтан өткізуді, мақта талшығының сапасы туралы куәлікті рәсімдеуді қамтитын мақта талшығы сапасының нақты көрсеткіштерін анықтау мен растауға бағытталған шаралар кешені;

6) шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасы бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алушылар – шитті мақта мен мақта талшығының иелері;

7) шитті мақта сапасына сараптама жасау бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізуші – "Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген тәртіппен шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру құқығына аккредиттелген шитті мақта сапасының сараптамасы бойынша сынақ зертханасы (орталық);

8) шитті мақтаның сапасына сараптама жасау – сынаманы іріктеп алу мен сынақтан өткізуді, шитті мақтаның сапасы туралы куәлікті рәсімдеуді қамтитын шитті мақта сапасының нақты көрсеткіштерін анықтау мен растауға бағытталған шаралар кешені.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 12.04.2017 № 163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

3. Субсидиялар осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен мақта өңдейтін ұйымға қабылдау кезінде шитті мақта сапасының сараптамасы құнын толықтай өтеуге және мақта талшығы сараптамасы құнын толықтай өтеуге бөлінеді.

4. Қаржыландыру заңнамада белгіленген тәртіппен Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің (бұдан әрі – облыс әкімдігі) қаулысы негізінде Оңтүстік Қазақстан облысының бюджетінде тиісті қаржы жылына көзделген қаражат есебінен және шегінде жүргізіледі.

5. Шитті мақта сапасы сараптамасының құны өтелетін шитті мақта сапасына сараптама жасау бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушілер бөлінісінде субсидия сомасын анықтау үшін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)

жергілікті атқарушы органының (бұдан әрі – аудан әкімдігі) шешімімен құрамына аудан әкімдігінің, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімдерінің қызметкерлері, сол сияқты Өңірлік кәсіпкерлер палатасының және қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кіретін комиссия құрылады. Қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің саны Комиссияның жалпы құрамының жартысынан кем болмауы тиіс.

Ауданның ауыл шаруашылығы бөлімі (бұдан әрі – Бөлім) Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

6. Шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына жұмсалған шығындардың құны шығындар есептемелерін қоса бере отырып, екі данада облыс әкімінің, ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқарушы адамның қолы қойылған ілеспе хатпен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) қарауына ұсынылады.

Министрліктің шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына жұмсалған шығындардың құнын қарау мерзімі хат түскен күннен бастап он жұмыс күнін құрайды.

Оң нәтиже болған жағдайда Министрлік шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына жұмсалған шығындар құнының бір данасын тиісті ілеспе хатпен қайтарады.

Теріс нәтиже болған жағдайда Министрлік дәлелді негіздемесі бар хатпен шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына жұмсалған шығындар құнының екі данасын да пысықтауға жібереді.

Шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына жұмсалған шығындардың құны облыс әкімдігінің қаулысымен бекітіледі.

Шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына жұмсалған шығындардың құнына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу осы тармақтың бірінші, екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қаулы қабылданғаннан кейін облыс әкімдігі оны екі жұмыс күні ішінде өзінің ресми интернет-ресурсына орналастырады.

Қаулы ресми интернет-ресурста орналастырылғаннан кейін Министрлік екі жұмыс күні ішінде оны бұрын келісілген шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына жұмсалған шығындар құнына сәйкестігі тұрғысынан салыстырып тексереді.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 03.11.2016 № 462 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Өтінім берілген субсидия көлемі тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша жергілікті бюджетте көзделген сомадан асып кеткен кезде Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті жергілікті бюджетті бекіту туралы мәслихаттың шешіміне өзгерістер енгізу арқылы жергілікті бюджеттен қосымша қаражат бөлінеді.

## **2. Субсидияларды алушылар**

8. Субсидиялар:

1) мақта өндейтін ұйымдарға тапсырған кезде шитті мақта сапасының сараптамасы бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушілердің;

2) мақта талшығы сапасының сараптамасы бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушілердің шығындары құнын толықтай өтеуге арналады.

## **3. Субсидияларды алу шарттары**

9. Осы Қағидалардың 8-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген субсидиялар мынадай шарттар сақталған жағдайда төленеді:

1) "Мақта саласын дамыту туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 6) және 18)-тармақшаларына сәйкес бекітілген Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлікті беру қағидалары;

2) Шитті мақта сапасының сараптамасы бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің және мақта талшығы сапасының сараптамасы бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің Мемлекеттік корпорацияға:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасы бойынша көрсетілген қызметтердің жиынтық тізілімін;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шитті мақтаның сапасы туралы берілген куәліктер немесе мақта талшығы сапасының паспорттары бойынша жиынтық актіні қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасы бойынша көрсетілген қызметтер үшін субсидиялар алуға өтінім беруі.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 12.04.2017 № 163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

## **4. Субсидияларды есептеу тәртібі**

10. Шитті мақта мен мақта талшығының сапасы сараптамасының құнын толықтай өтеуге арналған субсидиялар шитті мақта сынамаларының (мақта талшығы бумасының) санын шитті мақта (мақта талшығы) сапасы сараптамасының бір сынамасы құнына көбейту жолымен есептеледі.

## **5. Субсидиялар төлеудің тәртібі**

11. Бөлім жыл сайын жиырмамыншы мамырға дейін аудан (қала) әкімдігінің интернет-ресурсында және бұқаралық ақпарат құралдарында субсидиялар алуға құжаттарды қабылдау мерзімін көрсетіп, Мемлекеттік корпорацияның субсидиялау бағдарламасына қатысуға арналған өтінімдерді қабылдауды бастағаны, Комиссияның жұмыс тәртібі туралы хабарландыру жариялауды қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 12.04.2017 № 163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

11-1. Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасы бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушілерден осы Қағидалардың 9-тармағымен көзделген талаптарға сәйкес өтінім мен құжаттарды қабылдайды және оларды Бөлімге Комиссияның қарауына қолма-қол ұсынады.

**Ескерту. Бұйрық 11-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 12.04.2017 № 163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

12. Комиссия өтінімдерді қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидияны алушылардың тізбесін (бұдан әрі – Аудан (қала) бойынша тізбе) қалыптастырады және оны аудан (қала) әкімдігіне бекітуге жіберді.

13. Аудан (қала) әкімдігі Аудан (қала) бойынша тізбені Бөлімнен алғаннан кейін, оны екі жұмыс күні ішінде бекітеді.

14. Бөлім Аудан (қала) бойынша тізбе бекітілгеннен кейін, оны үш жұмыс күні ішінде Оңтүстік Қазақстан облысының Ауыл шаруашылығы басқармасына береді.

15. Оңтүстік Қазақстан облысының Ауыл шаруашылығы басқармасы Аудан (қала) бойынша тізбе келіп түскеннен кейін үш жұмыс күні ішінде мынадай сабақтас іс қимылдарды жүзеге асырады:

1) субсидиялар төлеу үшін осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасы бойынша көрсетілген қызметтердің жиынтық актісін жасайды және бекітеді;

2) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар төлеуге арналған жиынтық ведомості қалыптастырады және бекітеді.

16. Оңтүстік Қазақстан облысының Ауыл шаруашылығы басқармасы тиісті жиынтық ведомості бекіткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарына сәйкес қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне қағаз жеткізгіште берген кезде екі данада төлем шоттары тізілімін және төлем шотын ұсынады, ал төлем шотын "Қазынашылық-клиент" ақпараттық жүйесі бойынша өткізген кезде төлем шоттары тізілімі ұсынылмайды.

Оңтүстік Қазақстан облысының Ауыл шаруашылығы басқармасы бір мезгілде осы Қағидаларға 6-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар алуға өтінімнің қарастырылу нәтижелері туралы хабарламаны Мемлекеттік корпорацияға береді.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 12.04.2017 № 163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

17. Келіспеушіліктер туындаған жағдайда мақта талшығының иесі өз қаражаты есебінен басқа сараптамалық ұйымда мақта талшығына қайта сараптама жасатуды іске асырады.

## **6. Субсидиялау жөніндегі есептілік**

18. Оңтүстік Қазақстан облысының Ауыл шаруашылығы басқармасы агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органға шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына берілген субсидиялар туралы жиынтық ақпаратты бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша он бесінші шілдеден кешіктірмей, ал жылдың қорытындысы бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың оныншы қаңтарынан кешіктірмей береді.

Шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына берілген субсидиялар туралы жиынтық ақпарат Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жылына бір рет, есепті жылдан кейінгі жылдың он бесінші қаңтарынан кешіктірмей орналастырылады.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 12.04.2017 № 163 (алғашқы ресми**

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
бұйрығымен

Шитті мақта мен мақта талшығы  
сапасының сараптамасына  
жұмсалған шығындардың құнын  
субсидиялау қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің  
орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 12.04.2017 № 163 (алғашқы  
ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа  
енгізіледі) бұйрығымен

\_\_\_\_\_ кезеңіндегі шитті мақта мен мақта талшығы сапасының  
сараптамасы бойынша көрсетілген қызметтер үшін субсидиялар алуға  
арналған  
өтінім

\_\_\_\_\_

негізінде әрекет ететін

(құрылтай құжаты)

\_\_\_\_\_

(көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің атауы)  
атынан басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар  
болса))

\_\_\_\_\_ мақта сапасының сараптамасы бойынша көрсетілген қызметтер  
үшін  
субсидиялар төлеуді сұрайды.

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және шынайы емес  
мәліметтер

ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты  
болатыным

туралы хабардармын.

Басшы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар  
болса))



Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

Мөр (бар болса) орны

" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Көрсетілетін қызметті алушы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

Мөр (бар болса) орны

" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

Өтінім 20\_\_ жылғы " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ қарауға қабылданды.

\_\_\_\_\_ облысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ ауданының

ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

Мөр (бар болса) орны

Шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына жұмсалған шығындардың құнын субсидиялау қағидаларына 2-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_ **кезеңіндегі шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамалары бойынша көрсетілген қызметтердің № \_\_\_\_\_ жиынтық тізілімі**

шитті мақта үшін:

рет №	Көрсетілетін қызметтерді сатып алушының атауы	Мақта өңдеу ұйымы/мақта қабылдау пункті	Нақты көрсетілген қызметтер, сынамалар саны	Көрсетілетін қызметтер бірлігінің бағасы, теңге	Тиесілі сома, теңге
	Барлығы:				

мақта талшығы үшін:

--	--	--	--	--	--

рет №	Көрсетілетін қызметтерді сатып алушының атауы	Мақтаны өңдеу ұйымы/мақта қабылдау пункті	Нақты көрсетілген қызметтер, сынамаларының буманың) саны	Буманың ( ) нөмірі	Көрсетілетін қызметтер бірлігінің бағасы, теңге	Тиесілі сома, теңге
	Барлығы:					

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және шынайы емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болатыным туралы хабардармын.

Басшы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), қолы)  
Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), қолы)  
Мөр орны  
" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл  
\_\_\_\_\_ мақта өңдеу

\_\_\_\_\_ ұйымының  
(мақта өңдеу ұйымының атауы)  
басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), қолы)  
Мөр орны  
" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл

Шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына жұмсалған шығындардың құнын субсидиялау қағидаларына 3-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_ кезеңіндегі берілген шитті мақтаның сапасы туралы  
куәліктер немесе мақта талшығы сапасының паспорттары бойынша  
№ \_\_\_\_\_ жиынтық акт

шитті мақта үшін:

рет №	Көрсетілетін қызметтерді сатып алушының атауы	Шитті мақта сапасының куәліктері № _____-ден _____ дейін және күні _____ ден _____ дейін	Куәліктердің жалпы саны

	Барлығы:		

**мақта талшығы үшін:**

рет №	Көрсетілетін қызметтерді сатып алушының атауы	Шитті мақта сапасының паспорттары № _____-ден _____ дейін және күні _____ ден _____ дейін	Паспорттардың жалпы саны
	Барлығы:		

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және шынайы емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болатыным туралы хабардармын.

Басшы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), қолы)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), қолы)

Зертхана меңгерушісі \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), қолы)

Мөр орны

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл

Шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына жұмсалған шығындардың құнын субсидиялау қағидаларына 4-қосымша

Нысан

"Бекітемін"

Оңтүстік Қазақстан облысы

\_\_\_\_\_ ауданының (қаласының)

әкімі \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты

(жеке басын куәландыратын

құжатта бар болса), қолы, мөр)

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_



(тегі, аты, әкесінің аты  
(жеке басын куәландыратын  
құжатта бар болса), қолы, мөр)  
20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

**\_\_\_\_\_ кезеңіндегі шитті мақта мен мақта талшығы сапасының  
сараптамасы бойынша көрсетілген қызметтердің жиынтық актісі**

шитті мақта үшін:

рет №	Ауданның (қаланың) атауы	(Көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің атауы	Нақты көрсетілген қызметтер, сынамалар саны	Көрсетілетін қызметтер бірлігінің бағасы, теңге	Тиесілі сома, теңге
	Барлығы:				

мақта талшығы үшін:

рет №	Ауданның (қаланың) атауы	(Көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің атауы	Нақты көрсетілген қызметтер, сынамалар ( бума) саны	Көрсетілетін қызметтер бірлігінің бағасы, теңге	Тиесілі сома, теңге
	Барлығы:				

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және шынайы емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болатыным туралы хабардармын.

Оңтүстік Қазақстан облысы

Ауыл шаруашылығы басқармасы

құрылымдық бөлімшесінің басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (әкесінің аты, аты, тегі (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), қолы)

Шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына жұмсалған шығындардың құнын субсидиялау қағидаларына 6-қосымша

Нысан

"Бекітемін"

Оңтүстік Қазақстан облысы

\_\_\_\_\_ ауданының (қаласының)

әкімі \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты

(жеке басын куәландыратын  
құжатта бар болса), қолы, мөр)

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

**\_\_\_\_\_ кезеңіндегі шитті мақта мен мақта талшығы  
сапасы сараптамасының құнын мақтаның иелеріне толықтай өтеуге  
субсидиялар төлеуге арналған жиынтық ведомость**

шитті мақта үшін:

рет №	Ауданның қаланың) атауы	Көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің атауы	Нақты көрсетілген қызметтер, сынама саны		Көрсетілетін қызметтер бірлігіне баға, теңге	Жыл басынан бастап тиесілі субсидиялар сомасы, теңге	Жыл басынан бастап төленгені, теңге	Тиесілі субсидиялар сомасының қалдығы, теңге	20__ жылғы " __ " _____ төленуге тиіс, теңге
			жыл басынан бастап	20- жылғы " __ " _____ бастап " __ " _____ дейін					
	Барлығы:								

мақта талшығы үшін:

рет №	Ауданның қаланың) атауы	Көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің атауы	Нақты көрсетілген қызметтер, сынама саны		Көрсетілетін қызметтер бірлігіне баға, теңге	Жыл басынан бастап тиесілі субсидиялар сомасы, теңге	Жыл басынан бастап төленгені, теңге	Тиесілі субсидиялар сомасының қалдығы, теңге	20__ жылғы " __ " _____ төленуге тиіс, теңге
			жыл басынан бастап	20- жылғы " __ " _____ бастап " __ " _____ дейін					
	Барлығы:								

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және шынайы емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болатыным туралы хабардармын.

Оңтүстік Қазақстан облысы

Ауыл шаруашылығы басқармасы  
құрылымдық бөлімшесінің басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), қолы)

Шитті мақта мен мақта талшығы  
сапасының сараптамасына жұмсалған  
шығындардың құнын субсидиялау  
қағидаларына 7-қосымша

Нысан

"Бекітемін"

Оңтүстік Қазақстан облысы

\_\_\_\_\_ ауданының (қаласының)

әкімі \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты

(жеке басын куәландыратын

құжатта бар болса), қолы, мөр)

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

### Шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына берілген субсидиялар туралы жиынтық ақпарат

шитті мақта үшін:

рет №	Ауданның (қаланың) атауы	(Көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің атауы	Нақты көрсетілген қызметтер, сынамалар саны	Көрсетілетін қызметтер бірлігінің бағасы, теңге	Төленген субсидиялар, теңге
	Барлығы:				

мақта талшығы үшін:

рет №	Ауданның (қаланың) атауы	(Көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің атауы	Нақты көрсетілген қызметтер, сынамалар ( бума) саны	Көрсетілетін қызметтер бірлігінің бағасы, теңге	Төленген субсидиялар, теңге
	Барлығы:				

Оңтүстік Қазақстан облысы

Ауыл шаруашылығы басқармасы

құрылымдық бөлімшесінің басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), қолы)

Шитті мақта мен мақта талшығы  
сапасының сараптамасына  
жұмсалған шығындардың құнын  
субсидиялау қағидаларына  
6-1-қосымша  
Нысан

Ескерту. Бұйрық 6-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 12.04.2017 № 163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

**Субсидия алуға өтінімді қарастыру нәтижелері туралы**  
**20 \_\_\_ жылғы " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хабарлама**

Көрсетілетін қызметті алушы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса)  
/

немесе сенімхат бойынша оның өкілі)  
Жүгінудің мақсаты \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (субсидияланатын бағыт)

Өтініш берген күні 20 \_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ "

Комиссияның шешімі:  
\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ облысы \_\_\_\_\_ ауданының (қаласының)

ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы  
\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса)  
/



немесе сенімхат бойынша оның өкілі)

\_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ЖЫЛ

(қолы, күні)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ